

Зерде кітабы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 29 қыркүйек 1993 ж. N 958

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мемлекеттік өкімет және басқару органдарының, республикалық Әскери комиссариат құрылымдарының қайта ұйымдастырылуына байланысты "Соғыс алдындағы жылдары және Ұлы Отан соғысы кезеңінде Отанын қорғауда, сондай-ақ интернационалдық борышын өтеуде қаза тапқан совет азаматтарын мәңгі есте қалдыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Советтік Социалистік Республикалар Одағы Президентінің 1991 жылғы 8 ақпандағы N VII-1440 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 28 мамырдағы N 338 қаулысы орындалмай отырғанын атап көрсетеді. Осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен "Қазақ энциклопедиясы" бас редакциясы жанындағы жұмыс топтарын қаржыландыру мәселесі шешілген жоқ.

Республикалық Зерде Кітабын әзірлеу мен шығару жөніндегі редакциялық алқа құрамы елеулі өзгеріске ұшырады. Зерде Кітабын шығару жөніндегі жұмыстың күнтізбелік жоспары мен әдістемелік ұсыныстары күні бүгінге дейін бекітілген жоқ.

Зерде Кітабының облыстық, қалалық кітаптарын және республикалық жиынтық томын шығаратын полиграфия кәсіпорындары осы уақытқа дейін анықталған жоқ. Зерде Кітабының республикалық жиынтық томын әзірлеу мен шығаруды қаржыландыру мәселесі де шешілмей отыр.

Соғыс алдындағы жылдары және Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ интернационалдық борышын өтеуде қаза тапқандарды мәңгі есте қалдыру жөніндегі шараларды белсенді жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республикалық Зерде Кітабын әзірлеу мен шығару жөніндегі редакция алқасының құрамы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Республикалық Зерде Кітабын әзірлеу мен шығару жөніндегі редакция алқасы, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Зерде Кітабының жұмыс топтары мен редакциялық алқаларының қызметін жандандыру жөнінде қосымша шаралар қолданылуын қамтамасыз етсін.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, "Қазақ энциклопедиясының" бас редакциясы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жұмыс топтарының қызметі үшін қажетті жағдай жасасын.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ұрыста қаза тапқандар мен

соғыс алдындағы жылдары және Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ интернационалдық борышын орындау кезінде хабарсыз кеткендердің есімін анықтау жөнінде шаралар қолдансын.

4. Республикалық Зерде Кітабын әзірлеу мен шығару жөніндегі редакция алқасы, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, "Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясы Республикалық Зерде Кітабын шығаруды қаржымен және материалдық қамтамасыз ету туралы ұсынысты екі ай мерзімде қарап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері

облыстық, қалалық Зерде Кітаптарының шығарылуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Соғыс алдындағы жылдары және Ұлы Отан соғысы жылдары кезеңінде Отанын қорғауда, сондай-ақ интернационалдық борышын өтеуде қаза тапқан совет азаматтарын мәңгі есте қалдыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Советтік Социалистік Республикалар Одағы Президентінің 1991 жылғы 8 ақпандағы N VII-1440 Жарлығын жүзеге асыру туралы" 1991 жылғы 28 мамырдағы N 338 қаулысының (Қазақ КСР ҚЖ, 1991 ж., N 15, 93-бап) 2-бабының бірінші абзацының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 29 қыркүйектегі

N 958 қаулысына

Қосымша

Республикалық Зерде Кітабын әзірлеу және шығару

жөніндегі редакциялық алқаның

Құрамы

Сәрсенбаев А.С. - Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі, редакция алқасының төрағасы

Сағдиев М.Р. - Қазақ Республикалық Соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, редакция алқасы төрағасының орынбасары

Қозыбаев М.К. - Ұлттық ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, редакция алқасы төрағасының

орынбасары

Нұрғалиев Р.Н. - "Қазақ энциклопедия" Бас редакциясының бас редакторы, редакция алқасы төрағасының орынбасары

Едігенов Н.Е. - Республикалық Зерде Кітабының жиынтық томын құрастырушы авторы, тарих ғылымдарының кандидаты, редакция алқасының хатшысы

Редакция алқасының мүшелері:

Әлібеков Е.К. - Республикалық Соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің Отан қорғаушыларды мәңгі есте сақтау жөніндегі комиссиясының төрағасы, отставкадағы генерал-лейтенант

Ахмадин Ә.А. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, милиция генерал-майоры

Белан П.С. - Ұлттық ғылым академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші қызметкері, Зерде Кітабын шығару жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі

Есенғұлов А.Ғ. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор

Қосанов Ә. - Қазақстан Республикасының Жастар істері жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары

Соболев В.В. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірінші орынбасары

Танабаев Р.І. - Қазақстан Республикасы Бейбітшілік қоры төрағасының бірінші орынбасары

Чупров В.М. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы архивтер мен құжаттама Бас басқармасы бастығының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК